

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Тарих кафедрасы

**7M02210 - ТАРИХ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

- ▶ 7M022-Гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламасы тарих саласында ғылыми-зерттеу, инновациялық, оқытушылық қызметті, кәсіби білімді және тәжірибелік дағдыларды жүзеге асыра алатын, бәсекеге қабілетті гуманитарлық ғылымдар магистрін даярлауға арналған. 7M02210–Тарих білім беру бағдарламасы ғылыми-зерттеу және білім беру үдерісін жүзеге асырудың мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, осы саладағы түлектердің дайындық сапасын бағалауды реттейді және тыңдаушыларға арналған оқыту сапасын қамтамасыз ететін материалдарды және тиісті білім беру технологияларын енгізуді қамтиды.
- ▶ 7M022-Гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламасында берілетін дәрежесіне сәйкес білім алушының кәсіби қызмет саласы, кәсіби қызмет объектісі, кәсіби қызмет функциялары мен түрлері қамтылған. Білімін қолдану, этика және құндылықтар, коммуникативті дағдыларды қолдану, модельдерді құру үшін әртүрлі ақпарат көздерін талдау және пайдалану мүмкіндігі, ғылыми әдіснаманы дамыту құзыреттерін меңгеруге бағытталған оқыту нәтижелері айқындалған.

- 
- ▶ 7M02210–Тарих білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау және нәтижелерін талдай білу, ізденістерін ғылыми-тарихи зерттеулердің жаңа бағыттары арнасына бейімдеу, заманауи методологиялық принциптері мен тұжырымдарын меңгеру, кәсіби білімін практикалық қызметте қолдануға, қазіргі пәнаралық тәсілдер негізінде ғылыми зерттеу нәтижелеріне талдау және қорытынды жасай білу, жалпы ғылыми принциптер мен таным әдістерін қолдану дағдыларын меңгеруге, ұлттық тарих ғылымы дамуының негізінде аймақтық тарих бойынша тұлғатану, тарихи-мәдени, тарихи-өлкетану бағыттарында іздену-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын меңгеруге бейімделеді.
 - ▶ 7M022-Гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламасын меңгерген білімгерлер академиялық адалдық шеңберінде ғылыми этикаға сай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға, жобалауға, жүргізуге, салыстыруға және ғылыми дерекқорлармен, ғылыми баспалармен жұмыс жасауға, олардың өнімдерін пайдалануға, педагогикалық ынтымақтастықта өзіне жауапкершілік жүктеуге қабілеттілігін көрсете алады.

7M02210-Тарих)

Білім беру бағдарламасы түлектерінің моделі

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бітіруші келесі құзыреттерге ие болуы тиіс:

- 1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және қолдану кезінде тарихты оқыту саласындағы дамытушы білімдер мен түсініктерді, сондай-ақ зерттеу әдістерін игергенін көрсетеді;
- 2) барынша кең пәнаралық контексте стандартты емес жағдайларда кәсіби және басқарушылық проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін пайдаланады;
- 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, өз пікірін қалыптастыруда ақпараттық мәдениетін, шетел тілдерін меңгергенін көрсетеді;
- 4) ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындылары мен шешімдерін, идеяларын нақты және айқын түрде көпшілікке хабарлауды ұйымдастырады;
- 5) тарихты зерттеу және оқыту саласында әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру үшін метапәндік білімін интеграциялайды.

7M02210-Тарих ББ оқыту нәтижелері

Мақсаты: Қызмет саласында кәсіби құзіреттерге ие, инновациялық және пәнаралық әдістерді меңгерген, ғылыми-зерттеуді жүзеге асыра алатын, бәсекеге қабілетті гуманитарлық ғылымдар магистрін даярлау.

- ▶ - Ұлттық, аймақтық және халықаралық тарих контекстеріндегі тұжырымдамалар мен ғылыми мектептердің теориялық-методологиялық ерекшеліктерін сыни талдап, бағалай алады.
- ▶ - Пәнаралық байланыстар тоғысында гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи әдістері мен әдістемесін қолданады .
- ▶ - Тарихнама мен деректану ұстанымдарына сай зерттеу нысанын ғылыми модельдеу арқылы тарихи тенденциялардың даму перспективаларына болжам жасайды .
- ▶ - Түркі тілдес халықтардың этносаяси тарихында ұлттық-мәдени және рухани құндылықтардың интеграциялану процестерін талдайды .
- ▶ - Өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіре отырып, жаңа ортада білімін кәсіби деңгейде қолданады .

ББ-ға қосылған жаңа пәндер:

1. Қазақ зиялыларының тарихы мен тағдыры (XIX ғасыр соңы-XX ғ. бірінші жартысы)
2. Ұлттық тарихтың өзекті мәселелері
3. Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық дамуы
4. Оңтүстік өңірдегі әлеуметтік-экономикалық модернизация және 1920-1950 жж. саяси-қуғын сүргін
5. Тарихи түркітану мәселелері
6. Қазақ-түрік саяси-мәдени байланыстары тарихын зерттеу мәселелері (XVII-XXI ғғ.)

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

Өндірістік тәжірибе бойынша келісім-
шарт жасалған

Жұмыс берушілермен тығыз байланыс,
өзара ынтымақтастық меморандумдары
мен келісімдер

Білім беру бағдарламасы бойынша

Қазақстандық университеттермен
серіктестік жұмыстар орнатылған

Шетелдік жетекші
университтетермен келісім шарт
жасалған

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

7M02210-Тарих

Курс	Грант	Квота	ТТЕ грант	Ақылы	Барлығы
1 курс	1-	-	-	-	-
2 курс	4	-	-	-	-

7M02210-Тарих Білім берудің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Білім беру бағдарламасы пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу картасы (№2 қосымша - 2023-2024)

Курстар	Оқу әдебиеті	Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер	Жалпы
	саны	саны	саны
1	23	15	38
2	45	35	80
Жалпы	68	50	118

Білім беру бағдарламасы пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілу картасы (№8 қосымша - 2023-2024)

Курстар	Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер саны
1	25
2	40
Жалпы	65

SWOT талдау

S (strenght) – Күшті жақтары:

1. Білім беру, нормативтік-әдістемелік базаны үнемі жетілдіру
2. Жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық
3. Әр түрлі оқыту формалар мен оқыту әдістері, технологиялары қолданылуы
6. Түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары пайызы;

Әлсіз жақтары (Weaknesses):

1. Іс-тәжірибе базасында теориялық оқу аудиторияларының жетіспеушілігі
2. Білім беру үдерісінде шетелдік оқытушыны тартудың аз болуы
3. Шетелдік университеттерде білім алған ОПҚ болмауы
4. ОПҚ шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлыққа тарту жеткіліксіз.

7M02210-Тарих БББ

Мүмкіндіктер (Opportunities)

1. Жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын дамытуға белсенді қатыстыру
2. Тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін өндірістен мамандарды оқу процесіне тарту
4. Стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықты жаңадандыру
5. Жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша мамандар даярлау
6. Түрік жоғары оқу орындарында мақсатты оқыту есебінен магистрлер мен докторлардың академиялық дәрежелері бар оқытушылар санын арттыру

Қауіптер (Threats):

1. Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарына, ЖОО-ға түсушілерге және ЖОО-ның түлектеріне талаптарын қатаңдату
2. Контингент санының азаюы